

**№22 3.Рүстемов атындағы жалпы орта мектептің «Қамқоршылық»
кеңесінің №1 отырысының хаттамасы**

28.08.2023ж.
Қошқарата ауылы

Кеңес төрайымы: Куандыкова Қ
Кеңес хатшысы: Жаназарова А
Қатысқаны: 11

Күн тәртібінде:

1.2023-2024 оқу жылында «Мектепке жол» акциясында аз қамтылған отбасы балаларына көмек жұмыстарын ұйымдастырып демеушілер қолдауымен балаларды мектепке дайындау.

2. 2023-2024 оқу жылында мектепке 1-4 сынып аралығындағы барлық оқушыларды және 5-11 сынып аралығындағы әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы балаларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы Ибрагимова Эльмира «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы балаларына мектеп формасы және оқу құралдарымен қамтамасыз ету керек екендігін айтып өтті. Ауыл азаматтарының аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсетуге дайын екендігі де айтылды.

Жарыс сөзге шыққан «Қамқоршылық» кеңес мүшелері Тілегенов Н, Зиябек Қ, Тәжіқұлов Қ. қайырымдылық акциясынан түскен қаржыға әлеуметтік қолдауды қажет ететін он оқушыны (тізім қосымшада) мектеп формасы және оқу құралдарымен қамтамасыз ету жайлы және екінші мәселе бойынша 1-4 сыныптағы барлық оқушылар, 5-11 сынып аралығындағы әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылар ыстық тамақпен қамтамасыз ету жайлы ұсыныс айтты.

Кеңес мүшелері жоғарыда ұсынылған оқушылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жан-жақты саралай келе, ұсыныс етеді:

1. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясынан демеушілердің есебінен тізімдегі оқушыларға көмек берілсін.

2.1-4 сынып аралығындағы барлық оқушыға және 5-11 сыныбындағы тегін тамаққа ие жеке санаттағы оқушыларға ыстық тамақ ұйымдастырылсын.

Кеңес төрайымы:



Куандыкова Қ.

Хатшы:



Жаназарова А.